

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 3 (124)/2018, 53-59 pp.
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

МРНТИ 11.01.39 (21.41)

М.Ю. Онучко¹, Б.А. Габдулина²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹onuchko@mail.ru, ²bagish68@yandex.kz)

Мемлекет пен конфессия қатынастары аясындағы ар-ождан бостандығы

Аннотация. «Мемлекеттік пен конфессия қатынастары аясындағы ар-ождан бостандығы» атты мақалада М.Ю. Онучко, Б.А. Габдулина діни ұйымдардың құқықтық дәрежесін түсіндіру барысында көптеген мемлекеттердің заң аясында жалпы адамзаттық құндылықтарға тән ар-ождан еркіндігінің негізінен туындайтынын көрсетеді. Авторлар бұл мақалада сөз еркіндігі түсінігіндегі көптеген тұжырымдардың мәніне баса назар аударады, сонымен қатар ар-ождан еркіндігінің құқықтық, экономикалық, адамгершілік аспектілеріне сараптама жасаған. Сонымен қоса, қазіргі заманғы мемлекеттік – дінаралық қатынастың қалыптасуына жаңа діни қозғалыстардың, тоталитарлы секталардың деструктивті ықпалын көрсеткен. Авторлар мемлекеттік – дінаралық қатынастың тиімді үлгісін қолдануды ұсынуда, яғни қоғамдағы өзара қарым-қатынас пен тұрақтылыққа жету мақсатында діни конфессиялардың (әсіресе, дәстүрлі емес діндер) істеріне мемлекеттің араласуы қажет екендігін атап көрсетті.

Түйін сөздер: дін, сөз бостандығы, мойындау, мемлекет пен дін аралық қатынастары, заңдар.

DOI: 10.32523/2616-6887-2018-124-3-53-59

Кез келген мемлекет өзінің саяси жүйесіне діни мемлекеттік қатынас формасын енгізеді. Қазіргі таңда, көптеген мемлекеттер зайырлы мемлекеттер қатарына еніп, діни саладағы қағидалардан алшақ болуды көздейді. Бұл мемлекет пен діни конфессия арасындағы қарым-қатынас құқықтық шектеулерге негізделіп, өзара бір-бірінің іс-әрекетіне ешқандай кедергі келтірмеуді мақсат тұтады.

Әлеуметтік шиеленістерді болдырмау үшін мемлекеттер саяси, діни қайшылықты шешу жолында секуляризация мен сакрализацияны пайдаланады. Мемлекет және дін бір-бірінен бөлінген режимді ұстанатындардың ішінде - қазіргі Ресей, Қазақстан, Франция, Германия, Португалия және т.б. Бұл қоғамдық өмірді зайырлы құндылықтар мен нормаларға бағыттайды, алайда, діни ұйымдардың қызметіне мемлекет тарапынан бақылауды жоққа шығармайды. Олардың қызметін құқықтық реттеуден бас тартпайды.

Діннің мемлекеттен ажыратылу тәртібі мемлекет пен конфессиялар арасындағы балансты қамтамасыз етіп, әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ететін діни ұйымдар қызметін реттеуді көздейді. Мемлекеттердің басым бөлігі діни ұйымдардың құқықтық дәрежесін реттеу барысында халыққа еркін түрде кез келген дінді қабылдауға және діни наным-сенімдерді насихаттауға рұқсат берілетінін негізге алады. Ар-ождан бостандығы соңғы жүз жылда заңды түрде жалпы адамзаттық құндылықтар қатарына жатады.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық фактіге сәйкес (18 бап), әр адам еркін түрде кез келген дінді қабылдауға, ой бостандығына және діни рәсімдер мен дәстүрлерді ұстануына құқылы. Ар-ождан бостандығына тек қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулық саласын, мораль және тұлғалардың басқа да құқықтық бостандығын қорғау үшін шектеулер қойылады. 1981 жылы 25 қарашада қабылданған халықаралық-құқықтық құжат «Дін мен сенім негізінде дискриминация мен шыдамсыздықтың барлық түрін жою туралы Декларацияда» діни сенімі негізінде адамдарға қысым жасау бұл жеке тұлғаның қадір-қасиетіне қорлық жасаумен тең деп жарыланды.

Отандық және шетелдік ғылым саласында ар-ождан бостандығына түрлі мән береді, демек, бұл мәселенің түрлі тәсіліне талдау жасау заңдылық.

Қазіргі таңда, посткеңестік ғылымда ар-ождан бостандығының мәнін анықтауда үстемдікке ие болған ережелер келесідей:

- Ар-ождан бостандығы мәселелерін шешуде конституцияға, саяси ұрандар мен декреттер арқылы емес, керісінше қоғамдық дамудың объективті заңдылықтарын ескеретін әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешумен байланысты.

- Ар-ождан бостандығын жүзеге асыру гуманизм принциптері мен өзара түсіністікті алға қойып, барлық қоғамдық маңызды мәселелерді шешу жолдарын қарастыруды көздеуі қажет.

- Мемлекетке қатысты діни ұйымдардың жекелігін ажыратып, сенушілерді қоғамның құрамдас мүшесі ретінде қарастыру қажет.

- Діни бірлестіктер мемлекеттен, мектеп, мемлекеттік білім саласы мешіт медреселерден бөлек болуы қажет.

Ар-ождан ұғымының кең және тар мағынасы: кең мағынада ар-ождан бостандығын жеке тұлғаның сенім бостандығы қабылданса, ал тар мағынада адамның дінге және атеизмге қатысты бостандығы айтылады. Көптеген ғалымдардың пайымдауынша ар-ождан бостандығы туралы түсінік әлі күнге дейін толық қалыптасқан жоқ, сондай-ақ, аталған мәселенің толық ғылыми негіздемесі де жоқ [1].

Ар-ождан бостандығы туралы түсінікке талдау полярлық дүниетаным ретінде дінге және атеизмге қатысты тұлғаның таңдауы ар-ождан бостандығы проблемасының негізінде екенін көрсетті. Бұл таңдаудың бостандығы диалектикалық қатынастардың демократиялық құқығы мен еркіне, белгілі қоғамға және жеке тұлғаның өзіндік қатынасын дін саласы бойынша анықталуын қажет етеді. Дінге және атеистік көзқарасқа қатысты тұлғаның өз ұстанымын білдіру мүмкіндігінен ар-ождан бостандығы түсінігінің ерекшелігі айқындалады.

Сонымен, ар-ождан бостандығы – әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретін демократиялық құқық пен бостандықты қоғамда қамтамасыз ету. Қазіргі таңда, ар-ождан туралы түсініктің экономикалық дамумен өзара байланысы өзекті мәселелердің бірі. Алайда, бұл бүгінгі ғылымда тиісті көрініс тапқан жоқ. Нарықтық экономикаға өтумен қатар экономикалық аспектідегі ар-ұят бостандығының рөлі белгілі шартпен алға басып, қоғам мүшелерінің қажеттіліктері мен мүдделеріне қарай, дінге сенушілер мен атеистерге жіктеп бағыттайды.

Экономикалық аспектідегі ар-ождан бостандығын ала отырып, бір фактіге назар аударуымыз қажет, яғни діни ұйымдар ешқандай материалдық құндылықтарға жол бермей, тек діни бағыттағы мәдениетті ескере алады. Осыдан, мемлекеттік қаржы қорынан діни ұйымдарға арнайы қаржының бөлінетінін түсіндіреді. Моральдық міндеттерін орындау барысында, дінге сенушілер өздерінің тарапынан мемлекеттің әлеуметтік мәселелерін шешу үшін де жәрдем етеді. Мысалы белгілі бір қаржы бөлігін тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мақсатында арнайы қорға ақша бөледі, қайырымдылық кештерін, қайырымды жүрек атты актілерін өткізіп тұрады.

1970-1980 жылдары ар-ождан бостандығының құқықтық аспектідегі басымдығы кең өріс алды. Бұл аспектіні сараптау барысында қоғамдық сананың ерекше формасы ретінде құқықтық сананы ерекше бөліп қарастыруға болады. Бұл құқыққа, заңға, заңды мен заңсыздықты қатысты білдіретін дүниетаным мен идеялар жиынтығы болып келеді. Құқықтық сана дінге сенушілер мен дінге сенбеушілердің құқықтарын реттеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар теңдік пен әлеуметтік әділет негізінде оның ары қарай қарқынды түрде дамуына негіз болмақ.

Ар-ождан бостандығының моральдық тұсы да бар. Ар-ождан бостандығы тек өз жеке басыңа қатысты мораль тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ, қалыптасқан қоғамдық моральға сәйкес әрекет етуді білдіреді. Ар-ождан бостандығының қоғамдық аспектісін зерттеу субъектінің моральдық сенімінің діни көзқарас тұрғысынан да және материалдық дүниетаны тұрғысынан да қалыптасу тетігін қарастыру мүмкіндігін береді. Сонымен, ар-ождан бостандығының әрбір аспектісін зерттеу бұл түсінікті терең зерттеуге мүмкіндік бермек.

Ар-ождан бостандығы мен дінді мойындау посткеңестік кеңістікте ерекше сипатқа ие. Діни жағдаяттарға байланысты бұл мәселе ТМД елдерінде біркелкі еместігіне назар аударған жөн. Айталық, ТМД елдерінде діни саладағы саясаттың осал тұстары да баршылық.

Прозелитизм мәселесі бүгінгі таңда өткір болып тұр. ТМД елдеріндегі конфессиялар санының діни ұйымдардың көптігі «паства» үшін күресінің ушығуына итермелейді. Сондай-ақ, әр конфессия өзіне тән әдіс пен мүмкіндіктерді қолданбақ. Айталық, протестанттар өздерінің миссионерлік жұмысын концерт залдарында, кинотеатрларда, көпшілік аудиторияларда кеңінен өткізеді. Олар көптеген шетелдік орталықтардың қаржылық, ұйымдастырушылық көмегін пайдалануда.

Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру үшін күрес жүргізу қазіргі жағдайда мейлінше күрделі және драмалық сипатта, себебі мемлекет діни қозғалыстарды да, сонымен қатар еркін ойлайтындарды да өз ықпалына бағындыруға ұмтылуда.

Ар-ождан бостандығы бұл шіркеу мен мемлекет мүдделерінің қиылысуын білдіреді. Қазіргі кезде бірқатар мемлекеттер мемлекеттің зайырлы сипатын конституциялық жариялау арқылы шіркеудің саяси қызметке қатысын жоюға тырысуда. Сондай-ақ, шіркеу қайырымдылықтың түрлі бірлестіктерін қалыптастыру жолымен қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге тартылуда. Осылайша, мемлекет шіркеуді саяси жүйеде коммуникативті және интегралды байланыстарды қамтамасыз ететін әлеуметтік институт ретінде пайдаланады. Шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы жарлыққа қарамастан, шіркеудің нақты оқшаулануы болған жоқ. Шетел әдебиетінде бұл қатынастар серіктестіктің ерекше түрі ретінде сипатталады. Шіркеу мен мемлекет өзара қарым-қатынастарында көбінесе жалпыға ортақ игілік үшін ынтымақтасатын тең құқылы серіктестер ретінде әрекет етеді.

Бүгін таңда жаңа діни бағыттар мен секталардың пайда болуымен байланысты дін мен саясаттың өзара қатынасы мен ықпалы мәселесі өткір тұрған жағдайда жаңа діни қозғалыстардың пайда болуының себептері әрдайым әлеуметтік-саяси сипатта болғандығын тарихтан еске түсіруді қажет етеді. Ал діни формада пайда болатын жаңа әлеуметтік-саяси доктрина бұл оның көзқарас жүйесі.

Мұндай қозғалыстар қоғамдық өмірдің шұғыл қажеттеліктеріне жауап ретінде пайда болған. Нақтырақ, әрбір қайта пайда болған діни секта әлеуметтік-саяси жүйе болып табылады. Ал, оның сенім жүйесі діни нысанда пайда болатын жаңа әлеуметтік-саяси доктрина. Халықтың күнделікті тұрмысындағы құндылықтардың өзгеруімен қатар бұл құбылыстың өсуінде мемлекетке дәстүрлі емес діни ілімдердің кіруі де маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда, мемлекеттің аясындағы әртүрлі конфессиялардың өзара қатынасы, дәстүрлі діни ілімдердің басым рөлін мойындау және бекіту, шіркеу миссиялары мен жаңа ағымдарды уағыздаушыларының және дәстүрлі емес шіркеулердің декларативті және нақты мақсаттары өзекті мәселе болып табылады.

Тарихта жаңа діндердің пайда болу себептері саяси-әлеуметтік сипатта болғандығын еске түсіру керек. Мұндай қозғалыстар қоғамдық өмірдің қажеттеліктеріне шұғыл жауап ретінде пайда болады. Нақтырақ, әрбір қайта пайда болған діни секта діни нысанда құрылған әлеуметтік-саяси доктрина болып табылады. Христиан, Ислам, Буддизм және басқа да діндердің пайда болу тарихының мәні де осылай.

Бүгін де діни бостандық туралы мәселе – жастар туралы мәселе: «жастардың секталары» «тоталитарлық секталар» болып табылады. Демек, дін мәселесі – бұл болашақ туралы мәселе болмақ. Тек шамалы «маргиналды» топтардың болашағы туралы ғана емес, бұл бүкіл мемлекеттің болашағына әсерін ықпал ететін мәселе.

Ең қауіптісі – жастардың тоталитарлық секталарға тартылуы, сөйтіп «Сананы бақылау» деп аталатын тәсілді қолдану арқылы секта мүшелерінің құқығының бұзылуы. Секталардың деструктивтілігі мен тоталитарлығы олардың сенімімен емес, адам еркіне жол бермейтін және оның ойын, сезімін, іс-әрекетін бақылайтын әрекет ету тәсілімен анықталады.

Тоталитарлық сипаттағы ұйымдар мен қызметінің жалпы ерекшеліктерін атап өтсек:

- Адепттінің еркіне, санасына және сезімдеріне қатаң бақылау орнату: қатаң тәртіп, сектаның баспа оқуықтарын міндетті түрде зерделеу, есеп берудің бастапқы мағынасы, ұйым алдында кінә сезіміне иландыру, жолдан тайғандарға психологиялық қысым көрсету.

- Лидерге және ұйымға психикалық тәуелділіктің қалыптастыруы: сыни ойлау қабілетін жою, сыни бағыттағы адамдармен (сонымен ішінде отбасы мүшелері, достар) қарым-қатынасты үзуді талап ету, қатынас аясына шектеу қою, тек қана секта мүшелерімен қарым-қатынаста болу, ұйымнан тыс бос уақыттың және жеке өмірінің болмауы, алаңдаушылық пен қорқыныш ұялату ортасын құру.

- Надандықтан алдауға дейін: ғылымға, білімге және медицинаға деген теріс қатынас; діни төзімсіздік; догмалардың тез өзгерушілігі; жанадан келгендерге ақпараттың бірте-бірте және толық емес түрде ашылуы.

- Әсер ету тәсілдері: қарапайымдылық, қол жетімділік және тартымдылық; «жаңа» арнайы секталық лексика мен терминологияның пайда болуы және қалыптасуы; үгіт-насихаттың қарқындылығы; көшеде және басқа да қоғамдық орындарда тікелей арбау.

- Тіршілік көздері: қаражатты шоғырландыру, шетелдің қаржылай көмегі, адепттердің қаржы тәуелсіздігін құру, ізбасарлардың еңбегі мен энергиясын пайдалану.

- Ұстанымды нығайту тәсілдері: билік органдары мен жалданған «мамандардың» (заңгерлердің, әлеуметтанушылардың, дәрігерлердің және т.б.) қолдауын алуға ұмтылу; оқыту және медициналық мекемелерге, бұқаралық ақпарат құралдарына, қоғамдық құрылымдарға, коммерциялық ұйымдарға, билік құрылымдарына енгізуге тырысу.

- Секталар азаматтарының надандығын пайдаланады [2].

Сондықтан халықтың дін туралы хабардар болуының төмен деңгейіне айтарлықтай көңіл бөлу керек.

Сонымен, діни саладағы мемлекеттік саясат келесідей себептер бойынша қажет: - Біріншіден, себебі қазіргі кезде бұл миллиондаған азаматтардың тағдырына тура қатынасы бар шындық болып табылады. Бұл миллиондаған азаматтардың ішінде діни саламен байланыс салдарынан тағдырын құрдымға жіберген. мыңдаған азаматтар бар («Ақ Бауырластық»). Көптеген азаматтардың мүддесі сөз қозғалған жерде мемлекет екі есе уәкілетті түрде бостандық басқаларға ауыр тимейтіндігіне бақылау жүргізуі тиіс. Екіншіден, қазіргі кезде әсіресе жастар көп шамада және белсенді түрде діни таңдау жасауда, ал бұл салыстырмалы түрде жастардың шамалы тәжірибесі мен ақпараты бар екендігін, дегенмен жақында мемлекетіміздің өмірі осы жастарға байланысты болатындығын білдіреді. Үшіншіден, мемлекет мәдениет, білім және ұлттық саясатын дайындаған негіздер бойынша діни саясатты да қалыптастыруы қажет. Себебі ертеңгі күн кешегіден қорқынышты бомауы үшін мемлекетті адамдар қалыптастырады. Мемлекет, ең алдымен, адамдарға болашақты қамтамасыз ету үшін өмір сүреді. Мемлекетті қалыптастырған халық келесі буында аштықтан немесе экономиканың ыдырауынан жойылып кетпес үшін де өмір сүреді. Сондай-ақ, мемлекет, елдің отарға айналып кетпесі үшін; елдің өмірі, саясаты, экономикасы, өмір салты және мәдениеті тиісінше басқа халықтың немесе топ адамдарының мүддесіне орай шетелден басқарылмауы үшін қажет.

Мемлекет «біздікі» және «жат» өлшемдерімен ойлауға және барлық салада ұлттық бастаманы, яғни өз азаматтары мен сайлаушыларының мүдделерін қорғауға толықтай құқығы бар. Мемлекет еркін түрде шындықтың бетін ашу үшін емес, өз азаматтарының шынымен де бар мүддесін жүзеге асыру және қорғау үшін құрылған. Мемлекет қолдау және дәстүрлі рухани мәдениетті қорғау саясатын толықтай жүргізе алады.

Заң алдындағы діннің теңдігі, ең алдымен, азаматтардың қандай дін тобына жататындығына немесе жатпайтындығына қарамастан олардың заң алдындағы теңдігі болып табылады.

Егер де адам қылмыс жасаса, соттың үкімі бойынша ер немесе әйел, профессор немесе қарапайым жұмысшы, дінге сенуші мен атеист, партияның көшбасшысы немесе оппозиция жағында екені сот үкімінде көрініс таппауы тиіс [3].

Бірақ, діндердің теңдігі заң алдында бірдей болғанымен, мәдениет пен тарих алдында теңдігін білдірмейді. Әрине, шіркеу мемлекеттен бөлінгенімен, ол қоғамнан және адамдардан алшақ болмайды. Сондықтан мемлекет шіркеумен де арақатынас орнатып, дінге қатысты саясатын жүзеге асыруы қажет. Сондай-ақ, мемлекет құрылуға және ресми тіркелуге рұқсат берген барлық діни ұйымдармен бірдей қарым-қатынас орната бермейді.

А. Куравевтің пікірінше, мемлекет пен діннің қарым-қатынасы үшін төрт сала ашық болуы тиіс: мемлекеттік білім саласы; мемлекеттік БАҚ саласы; рухани мәдениетті қалпына келтіру және сақтау бағдарламасы; әлеуметтік қызмет саласы (түрмелердегі, әскердегі, емханалардағы, интернаттардағы діни капелландар институты) [4].

Егер қоғамның осы салаларында дәстүрлі діндер орын алса, онда жаңадан пайда болып жатқан секталар мен шетелдік миссионерлердің қызметіне шектеу қою туралы мәселе болмас еді.

Барлық азаматтық құқықтар мен діндер азаматтарды мейірімді болуға шақырады. Егер дін саласы азаматтық құқықтағы қағидаларды сынаса немесе керісінше, азаматтық құқық саласы дін қағидаларын сынайтын болса, ол үлкен қауіп төндіруі мүмкін.

Адамзаттық құқықтар әрдайым өзгеріске дайын болып, өзгеруді қолдаса, дін жағынан ол-тұрақтылыққа шақырады. Адамзаттық заңдылықтар артықшылыққа ұласса, діни саладағы заңдылықтар жоғары артықшылықтарды меңзейтіні рас. Заңдар өзгеруі мүмкін, себебі олар заңмен шындалады және ол жақсыға баулиды, бірақ дін әрқашан шындыққа негізделіп, одан да жақсы болатынынан көрініс табады.

Қоғамда әрдайым тұрақты болатын бірден-бір дұрыс құбылыс ол – дін. Діннің күші – оның сенімінде жатыр, ал адамзат баласының күші – заңдарында, яғни оның жаза қолдануынан көрініс табады.

Полиэтникалық және поликонфессионалды жағдайында қоғамды бірегейлендіру және мәдениет пен этикалық нормаларды қолдап, дамытудың тиімді тетігін үшін басқа шетелдердің тәжірибесіне көңіл аударған жөн. Демек, мемлекет пен конфессиялар арасындағы қатынасты одан әрі дамыту үшін еліміздегі саясатқа оң септігінің болуы ықтимал.

Әдебиеттер тізімі

1. Артемьев А.И. Еще раз к вопросу о свободе совести и веротерпимости, или с чем мы входим в XXI век // Саясат. - 2001. - № 3. - С.44-48.
2. Цепкова И.Б. Религия в реалиях государственной политики Казахстана // Проблемы религиозного экстремизма в Центральной Азии: матер. междунар. конф., Алматы, 5 апреля 2001.- Алматы, 2001. – С.281
3. Цепкова И.Б. Современная теология о взаимодействии церкви и государства // Суверенный Казахстан в гуманитарном измерении: культура, политика, экономика: матер. междунар. науч.-теор. конф., Алматы, 25-26 мая 2001г. – Алматы, 2001; Цепкова И.Б. Религия в жизни общества // Мысль-2001. - № 7.-С.38-42.

4. Кураев А. Православие и право. Церковь в светском государстве. - М.: Сретенский монастырь, 1997. –53 с.

М.Ю. Онучко, Б.А. Габдулина

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казакстан

Свобода совести в контексте государственно-конфессиональных отношений

Аннотация. В статье авторы отмечают, что при регламентировании правового статуса религиозных организаций, законодательства большинства государств исходит из признания свободы совести, которая отнесена к общечеловеческим ценностям. Автор подчеркивает существование множества трактовок в понимании свободы слова, анализирует нравственный, экономический, правовой аспекты свободы совести. Отмечено влияние новых религиозных движений на формирование современных государственно-конфессиональных отношений, влияние деструктивного поведения тоталитарных сект. Автор показывает необходимость использования этатистской модели государственно-конфессиональных отношений, т.е. более активное вмешательство государства в дела религиозных конфессий (особенно нетрадиционных религий) в целях достижения стабильности и консолидации в обществе.

Ключевые слова: религия, государство, общественные отношения, свобода слова, закон, государственно-конфессиональные отношения, свобода совести, традиционные конфессии, новые религиозные движения.

M.Yu. Onuchko, B.A. Gabdulina

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Liberty of conscience in the context of the state religious relations

Abstract. In the article the authors note that when regulating the legal status of religious organizations, the legislation of most states proceeds from the recognition of freedom of conscience, which is attributed to universal values. The author emphasizes the existence of a multitude of interpretations in the understanding of freedom of speech, analyzes the moral, economic, legal aspects of freedom of conscience. The influence of new religious movements on the formation of modern state-confessional relations, the influence of the destructive behavior of totalitarian sects is noted. The author shows the necessity of using the etatist model of state-confessional relations, i.e. more active intervention of the state in the affairs of religious faiths (especially non-traditional religions) in order to achieve stability and consolidation in society.

Keywords: religion, state, public relations, freedom of speech, law, state-confessional relations, freedom of conscience, traditional confessions, new religious movements.

References

1. Artem'ev A.I. Eshche raz k voprosu o svobode sovesti i veroterpimosti, ili s chem my vkhodim v XXI vek [Once again to the issue of freedom of conscience and tolerance, or what we are entering into the 21st century], Sayasat [Policy], 3, 44-48 (2001) [in Russian].

2. Tsepkova I.B. Religiya v realiyakh gosudarstvennoi politiki Kazakhstana [Religion in the realities of state policy of Kazakhstan], Materialy mezhdunarodnoy konferentsii "Problemy religioznogo ekstremizma v Tsentral'noi Azii" [Materials of the international conference «Problems of religious extremism in Central Asia»], Almaty, 2001, pp.279-281.

3. Tsepkova I.B. Sovremennaya teologiya o vzaimodeistvii tserkvi i gosudarstva [Modern theology on the interaction of church and state], Suverennyi Kazakhstan v gumanitarnom izmerenii: kul'tura, politika, ekonomika: Mater. Mezhdunar. konf., Kazakhstan, Almaty, [Materials of the international nauchno-teoreyitseskoy conference materials of the international scientific and theoretical conference "Sovereign Kazakhstan in the Human Dimension: Culture, Politics, Economics"], Almaty, pp.141-144, (2001); Tsepkova I.B. Religiya v zhizni obshchestva [Religion in the life of society], Mysl' [Thought], 7, 38-42 (2001). [in Russian].

4. Kuraev A. Pravoslavie i pravo. Tserkov' v svetskom gosudarstve. [Religion in the life of society] (Sretenskiy monastyr, Moscow, 1997). [in Russian].

Сведения об авторах:

Онучко М.Ю. – профессор кафедры политологии Факультета журналистики и политологии Евразийского национального Университета им. Л.Н. Гумилева, ул.Янушкевича,6, Астана, Казахстан.

Габдулина Б.А. – доцент кафедры политологии Факультета журналистики и политологии Евразийского национального Университета им. Л.Н. Гумилева, ул.Янушкевича,6, Астана, Казахстан.

Onuchko M.Yu. - Professor of the Department of Political Science of the Faculty of Journalism and Political Science of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Str., 6, Astana, Kazakhstan.

Gabdulina B.A. - Associate Professor, Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Str., 6, Astana, Kazakhstan.